

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 358 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы

2015 жылғы 28 тамызда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі,
Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды
болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция жасасуға ниет
б і л д і р е о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де
резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық
бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табыс пен
капиталға салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қарамастан қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған
табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызметақының немесе
жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының
өсіміне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан, капиталдың
жалпы сомасынан немесе табыстың немесе капиталдың жекелеген элементтерінен
алынатын салықтардың барлық түрлері табыс пен капиталға салынатын салықтар
б о л ы п е с е п т е л е д і .

3. Осы Конвенция қолданылатын қазіргі салықтар, атап айтқанда, мыналар:

- | | | |
|---|--|-------------------------|
| | 1) | Қ а з а қ с т а н д а : |
| - | корпоративтік | табыс салығы; |
| - | жеке | табыс салығы; |
| - | заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық; | |
| | (бұдан әрі «Қазақстан салығы» деп аталады); | |
| | 2) | С е р б и я д а : |
| - | корпоративтік | табыс салығы; |
| - | жеке | табыс салығы; |
| - | капиталға | салынатын салық; |
| | (бұдан әрі «Сербия салығы» деп аталады) | болып табылады. |

4. Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша
немесе олардың орнына алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген

салықтарға да осы Конвенция қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің салық заңнамасындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етеді.

3-бап

Жалпы анықтамалар

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

1) «Уағдаласушы Мемлекет» және «екінші Уағдаласушы Мемлекет» терминдері мәнмәтінге қарай Қазақстанды және Сербияны білдіреді;

2) «Қазақстан» термині - Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде «Қазақстан» термині өзінің заңнамасына және өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарды қамтиды;

3) «Сербия» термині Сербия Республикасын білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде ол Сербия Республикасының аумағын қамтиды;

4) «ұлттық тұлға» термині мыналарды:

- Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;
- Уағдаласушы Мемлекеттің қолданыстағы заңнамасының негізінде осындай мәртебе алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді.

5) «тұлға» термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

6) «компания» термині кез келген корпоративтік құрылымды немесе салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез келген ұйымды білдіреді;

7) «бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» және «екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды білдіреді;

8) «халықаралық тасымал» термині теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, тиімді басқару орны Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан кәсіпорын пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалды білдіреді;

9) «құзыретті орган» термині мыналарды:

- Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;
- Сербияда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияны кез келген уақытта қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер мәнмәтіннен өзгеше туындамаса, осы

Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша сол кезде қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаны иеленеді, осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес кез келген мағынасы осы Уағдаласушы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мағынадан басым болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті» термині осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша өзінің тұрғылықты жері, тіркелген орны, резиденттігі, басқару орны немесе осыған ұқсас сипаттағы кез келген басқа критерий негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді және Уағдаласушы Мемлекет пен оның кез келген әкімшілік-аумақтық бөлімшесін немесе жергілікті билік органын да қамтиды. Алайда, бұл термин осы Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа немесе онда орналасқан капиталға ғана қатысты осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қ а м т ы м а й д ы .

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай т ү р д е а й қ ы н д а л а д ы :

1) ол өз иелігіндегі тұрақты тұрғын жайы орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып саналады; егер оның иелігінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты тұрғын жайы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы Мемлекеттің ғана р е з и д е н т і б о л ы п с а н а л а д ы ;

2) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында өз иелігіндегі тұрақты тұрғын жайы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана р е з и д е н т і б о л ы п с а н а л а д ы ;

3) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрып жатса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің ғана р е з и д е н т і б о л ы п с а н а л а д ы ;

4) егер жеке тұлға резиденттігінің мәртебесін осы тармақтың 1) - 3) тармақшаларының ережелеріне сәйкес айқындау мүмкін болмаса, онда Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары бұл мәселені өзара келісуі бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті - болып табылса, ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып саналады.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «тұрақты мекеме» термині сол арқылы кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орын бiлдiредi.

2. «Тұрақты мекеме» термині, атап айтқанда, мыналарды:

1) басқару орын ;

2) филиалды ,

3) кеңсені ;

4) фабриканы ;

5) шеберхананы ;

6) сауда нүктесін ;

7) басқа адамдарға сақтау үшін орын беретін адамдарға қатысты қойманы; және

8) шахтаны, кенішті, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді, бұрғылау қондырғысын немесе теңіз кемесін немесе табиғи ресурстарды барлайтын немесе өндіретін кез келген басқа да орынды, сондай-ақ осыған байланысты көрсетілетін қадағалау қызметтерін қамтиды.

3. «Тұрақты мекеме» термині, сондай-ақ, мыналарды:

1) құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру жобасын немесе 9 айдан астам мұндай алаңмен, қызметпен немесе жобамен байланысты көрсетілетін бақылау қызметтерін ;

2) егер мұндай сипаттағы қызмет Уағдаласушы Мемлекеттің шегінде (осындай немесе оған байланысты жоба үшін) кез келген он екі айлық кезең шегінде 183 күннен астамын құрайтын кезең немесе кезеңдер бойында жалғасса ғана кәсіпорын осындай мақсаттар үшін жалдаған қызметшілер немесе басқа персонал арқылы көрсетілетін консультациялық қызметтерді қоса алғанда, кәсіпорын көрсететін қызметтерді қамтиды .

Осы тармақшаның мақсаттары үшін, егер екінші Уағдаласушы Мемлекетте қызметтер көрсететін Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны белгілі бір уақыт кезеңі ішінде осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте болған және дәл осындай қызметтер көрсететін бір немесе одан да көп жеке тұлғалар арқылы осындай немесе онымен байланысты жобалар үшін осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте осыған ұқсас қызметтер көрсететін екінші кәсіпорынмен байланысты болса, онда алғашқы аталған кәсіпорын екінші Уағдаласушы Мемлекетте осындай немесе онымен байланысты жобалар үшін осындай тұлғалар арқылы қызметтер көрсетеді деп есептеледі. Алдыңғы сөйлемнің мақсаттары үшін, егер олардың біреуін екіншісі тікелей немесе жанама немесе осындай тұлғалардың Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, екі кәсіпорынды да тікелей немесе

жанама сол бір тұлғалар бақылайтын болса, кәсіпорын екінші кәсіпорынмен байланысты болып есептеледі.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, «тұрақты мекеме» термині мыналарды:

1) құрылыстарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

2) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

3) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын басқа кәсіпорынның қайта өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

4) тұрақты қызмет орнын тауарларды немесе бұйымдарды сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана күтіп-ұстауды;

5) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін тек дайындық немесе қосалқы сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

6) осындай амал нәтижесінде туындайтын тұрақты қызмет орнының жиынтық қызметі дайындық немесе қосалқы сипатта болған жағдайда, тұрақты қызмет орнын осы тармақтың 1) - 5) тармақшаларында тізбеленген қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ғана күтіп-ұстауды қамтымайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер оған осы баптың 6-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және кәсіпорын атынан келісімшарттар жасасуға өкілеттіктері болса және оны әдетте Уағдаласушы Мемлекетте пайдаланса, егер осындай тұлғаның қызметі осы баптың 4-тармағында айтылған қызметпен ғана шектелмесе, егер оны тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырса да, осы тұрақты қызмет орнын осындай тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмаса, онда мұндай кәсіпорын, осы тұлғаның кәсіпорын пайдасына жүзеге асыратын кез келген қызметіне қатысты осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады.

6. Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін осы Уағдаласушы Мемлекетте брокер, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды. Алайда, мұндай агенттің қызметі осындай кәсіпорынның атынан толық немесе толық дерлік орындалса және осындай кәсіпорын мен агенттің арасында олардың коммерциялық және қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз кәсіпорындар арасында орнатылуы мүмкін болатыннан өзгеше жағдайлар жасалса, онда ол осы тармақты түсінуде тәуелсіз мәртебесі бар агент болып есептелмейді.

7. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, қайта сақтандыруды қоспағанда, егер ол екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында жарна жинаумен айналысса

немесе онда бола тұрып, осы баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға арқылы тәуекелдерді сақтандырса, бір Уағдаласушы Мемлекеттің сақтандыру ұйымы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекеме қ ұ р а д ы .

8. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті (не тұрақты мекеме арқылы не өзге түрде) жүзеге асыруы фактісі осы компаниялардың біреуін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысына (ауыл немесе орман шаруашылығынан алатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. «Жылжымайтын мүлік» термині қарастырылып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша айқындалады. Мұндай термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылықтарында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты заңнаманың ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық шикізат кен орындарын, көздерін және басқа да табиғи ресурстарды игеру немесе игеру құқығы үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік р е т і н д е қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған т а б ы с қ а қ о л д а н ы л а д ы .

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысына да және тәуелсіз жеке қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлкінен алынатын табысына да қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмаса, кәсіпорынның пайдасына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда айтылғандай жүзеге асырса, онда

кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласушы Мемлекетте, бірақ осындай тұрақты мекемеге қатысты бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы қызметті жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте, егер ол оқшауланған және жеке кәсіпорын болып, осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысып және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда осындай тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі.

4. Егер кәсіпорын пайдасының жалпы сомасын оның әртүрлі бөлімшелері арасында пропорционалды бөлу негізінде тұрақты мекемеге жататын пайданы анықтау Уағдаласушы Мемлекетте әдеттегі практика болып табылса, онда осы баптың 2-тармағында ешнәрсе де осы Уағдаласушы Мемлекетке салық салынатын пайданы әдеттегі практика негізінде осындай бөлу арқылы анықтауға тыйым салмайды, алайда, таңдалған бөлу әдісі осы бапта қамтылған қағидаттарға сәйкес нәтижелер беруге тиіс.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қолжетімді ақпараты кәсіпорынның тұрақты мекемесінің пайдасын анықтау үшін жеткіліксіз болып табылса, осы баптағы ешнәрсе де осы баптың қағидаттарына сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қолжетімді ақпаратын ескере отырып, осындай заңдар немесе нормативтік актілер қолданылған жағдайда салық салынуға жататын осы тұрақты мекеменің пайдасын осы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының бағалауы арқылы осындай тұрақты мекеменің салықтық берешегін анықтауға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің қандай да бір заңын немесе нормативтік актісін қолдануға тыйым салмайды.

6. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды сатып алуының негізінде ғана осы тұрақты мекемеге қандай да бір пайда есепке жатқызылмайды.

7. Осы баптың алдыңғы тармақтарының мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер осындай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жыл сайын біркелкі тәсілмен айқындалады.

8. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке айтылатын табыстардың түрлерін қамтыса, онда мұндай баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

8-бап

Халықаралық тасымалдау

1. Теңіз, әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық с а л ы н а д ы .

2. Егер кеме жүзу кәсіпорнының тиімді басқару орны теңіз кемесінің бортында орналасқан болса, онда ол теңіз кемесін тізімге алу порты тұрған Уағдаласушы Мемлекетте немесе осындай тізімге алу порты болмаса, теңіз кемесін пайдаланушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан болып е с е п т е л е д і .

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері пулға, көлік құралдарын пайдалану жөніндегі бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық ұйымға қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

9-бап

Қауымдасқан кәсіпорындар

1 . Е г е р :

1) бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қ а т ы с с а , н е м е с е

2) бір ғана тұлғалар бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса,

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ мұндай жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осындай кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер бір Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосса және оған тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетін пайда болып табылса, егер екі кәсіпорынның арасындағы шарттар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағыдай болса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осындай пайдадан есептелетін салық сомасына тиісті түзету жүргізеді. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа да ережелері ескерілуге тиіс және

қажет болған кезде Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары бір-бірімен консультация жүргізіп отыруға тиіс.

10-бап

Дивидендтер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес осындай дивидендтерге салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын с а л ы қ :

1) егер нақты иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының кемінде 25 пайызына тікелей иелік ететін компания (әріптестіктен өзге) болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 10 пайызынан;

2) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 пайызынан а с п а у ғ а т и і с .

Осы тармақтың ережелері одан дивидендтер төленетін компанияның пайдасына с а л ы қ с а л у д ы қ о з ғ а м а й д ы .

3. «Дивидендтер» термині осы бапта қолданылған кезде акциялардан немесе пайдаға қатысуды беретін борыштық талаптар болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты осындай салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан а л ы н а т ы н т а б ы с т ы б і л д і р е д і .

4. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 15-бабының е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л а д ы .

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алатын болса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет мұндай дивидендтер осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің

резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болатын жағдайларды қоспағанда, осындай компания төлейтін дивидендтерден кез келген салықты ала алмайды және егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толығымен немесе ішінара осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған пайдадан немесе табыстан құралса да, компанияның бөлінбеген пайдасынан бөлінбеген пайда салығы алынбайды.

6. Осы Конвенцияның ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі болса, тұрақты мекеменің пайдасына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте, оның заңына сәйкес қосымша салық салынуы мүмкін, бірақ осылайша есептелген қосымша салық одан осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте алынатын табыс салығын және басқа да табысқа салынатын салықтарды шегергеннен кейінгі осындай пайда сомасының 10 пайызынан аспайды.

7. Егер өздеріне қатысты дивидендтер төленетін акцияларды немесе басқа да құқықтарды жасауға немесе беруге байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай жасау немесе беру жолымен осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

11-бап

Пайыздар

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай пайыздарға олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер пайыздардың нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық пайыздардың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға, егер алушы пайыздардың нақты иесі болып табылса және осындай пайыздарды мыналар:

1) екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі немесе әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары;

2) екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Орталық немесе Ұлттық банкі алса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. «Пайыздар» термині осы бапта қолданылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген

немесе қамтамасыз етілмеген және борышкердің пайдаға қатысу құқығын беретін немесе бермейтін кез келген түрдегі борыштық талаптардан алынатын табысты және атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осындай бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді.

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың нақты иесі пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе сонда орналасқан тұрақты базадан осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты пайыздар төленетін борыштық талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 15-бабының ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздарды төлеуші тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайыздарды төлеу жөніндегі міндеттеме пайда болуына байланысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай пайыздар жөніндегі шығыстарды тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда мұндай пайыздар осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан сол Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

7. Егер төлеуші мен олардың нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың болуы себебінен төленетін борыштық талаптың негізінде оған қатысты пайыздардың сомасы төлеуші мен олардың нақты иесі арасында мұндай қатынастар болмаған кезде келісе алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемдердің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

8. Егер өздеріне қатысты пайыздар төленетін борыштық талаптардың жасалуына немесе берілуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай жасау немесе беру жолымен осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

12-бап

Роялти

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ олар пайда болатын сол Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер роялтидің нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 п а й ы з ы н а н а с п а у ғ а т и і с .

3. «Роялти» термині осы бапта пайдаланылған кезде радио немесе телехабарлар үшін пайдаланылатын кинематографиялық фильмдерді немесе таспаларды немесе магниттік жазбаларды және бағдарламалық қамтылымды қоса алғанда, әдебиет, өнер туындыларына немесе ғылыми жұмыстарға кез келген патентке, сауда таңбасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынған төлемдердің кез келген т ү р і н б і л д і р е д і .

4. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өздеріне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 15-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер роялтиді төлеуші тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте роялтиді төлеу жөніндегі міндеттеменің пайда болуына байланысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай роялти жөніндегі шығыстарды тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда осындай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан сол Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың болуы, себебінен олардың негізінде төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы төлеуші мен оның нақты иесі арасында мұндай қатынастар болмаған кезде келісе алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы айтылған сомаға ғана

қолданылады. Мұндай жағдайда төлемдердің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

7. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықтың немесе мүліктің жасалуына немесе берілуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай жасау немесе беру жолымен осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап

Техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін техникалық қызметтерге сыйақыларға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай техникалық қызметтерге төленетін сыйақыларға олар пайда болатын және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ егер техникалық қызметтерге төленетін сыйақылардың нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық техникалық қызметтерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс.

3. «Техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар» термині осы бапта пайдаланылған кезде кез келген басқару, техникалық, консультациялық қызметтер көрсеткені үшін төленетін сыйақылар ретінде алынатын төлемдердің кез келген түрін білдіреді.

4. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын техникалық қызметтерге төленетін сыйақылардың нақты иесі техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекемесі арқылы жүзеге асырса немесе сонда орналасқан тұрақты базадан осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді көрсетсе және техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 15-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер техникалық қызметтерге төленетін сыйақыларды төлейтін тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты техникалық қызметтерге төленетін сыйақыларды төлеу жөніндегі міндеттеме пайда болған тұрақты

мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар бойынша шығыстарды тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда мұндай техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан сол Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен олардың нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың болу себебінен олардың негізінде төленетін қызметтерге жататын техникалық қызметтерге төленетін сыйақының сомасы төлеуші мен олардың нақты иесі арасында мұндай қатынастар болмаған кезде өзара келісе алатындай сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемдердің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа да ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады.

7. Егер өзіне қатысты техникалық қызметтерге төленетін сыйақының ұсынылуына немесе берілуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай ұсыну немесе беру жолымен осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

14-бап

Мүлік құнының өсімінен түсетін табыстар

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның 6-бабында айқындалған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алған табыстарына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесінің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан немесе осындай тұрақты мекемені немесе тұрақты базаны (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен бірге) иеліктен шығарудан алынатын осындай табыстарды қоса алғанда, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте иелігіндегі тұрақты базаға жататын жылжымалы мүліктен тәуелсіз жеке қызметтерді көрсету мақсаттары үшін алынған табыстарға, екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалдауда пайдаланылатын теңіз, әуе кемелерін немесе осындай теңіз, әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға кәсіпорынның тиімді басқару орны орналасқан сол Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен өз құнының 50%-нан астамын тікелей немесе жанама түрде алатын, ондағы қатысу үлесін немесе оған теңестірілген бағалы

қағаздарды иеліктен шығарудан алған табыстарына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Осы баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтарында көзделгендегіден гөрі өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

15-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің кәсіби қызметтеріне немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметіне қатысты алған табысына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады, мыналарды қоспағанда:

1) егер оның өз қызметін жүзеге асыру мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі оған тұрақты негізде тиесілі тұрақты базасы бар болса; бұл жағдайда табыстың осы тұрақты базаға жататын бөлігіне ғана осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін; немесе

2) егер оның екінші Уағдаласушы Мемлекетте болуы тиісті қаржы жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде 183 күннен астамын құрайтын кезең немесе кезеңдер ішінде жалғасса; бұл жағдайда оның осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметінен алған табысының бір бөлігіне ғана осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

2. «Кәсіби қызметтер» термині тәуелсіз ғылыми, әдеби, әртістік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлері мен бухгалтерлердің тәуелсіз қызметін қамтиды.

16-бап

Жалдамалы жұмыстан түсетін табыстар

1. Осы Конвенцияның 17, 19, 20, 21 және 22-баптарының ережелерін ескере отырып, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысына байланысты алған қызметақыға, жалақыға және басқа да ұқсас сыйақыға, егер жалдамалы жұмыс екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса ғана осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған осындай сыйақыға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалдамалы жұмысына байланысты алған сыйақысына, егер:

1) алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиынтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса, және

2) сыйақыны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жұмыс беруші төлесе немесе жұмыс берушінің атынан төленсе, және

3) сыйақы төлеу жөніндегі шығыстарды жұмыс берушінің екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы көтермесе, онда алғашқы айтылған Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдауда пайдаланылатын теңіз, әуе кемесінің бортында орындалатын жалдамалы жұмысқа байланысты алынған сыйақыға кәсіпорынның тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Директорлардың гонорарлары

Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе оған ұқсас органның мүшесі ретінде бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың гонорарларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

Әртістер мен спортшылар

1. Осы Конвенцияның 15 және 16-баптарының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе телевизия әртісі немесе музыкант сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осындай сипатта жүзеге асыратын жеке қызметінен алатын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда мұндай табысқа, осы Конвенцияның 7, 15 және 16-баптарының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің өнер қызметкері немесе спортшы ретіндегі өзінің жеке қызметінен алған табысына, егер оның қызметін толығымен немесе айтарлықтай дәрежеде Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де қоғамдық қорлары немесе әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары қаржыландырса немесе қызметін Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуімен де келісілген мәдени немесе спорттық алмасу бағдарламасы шеңберінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырса, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

19-бап

Зейнетақылар

Осы Конвенцияның 20-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес бір Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырған жалданбалы жұмысы үшін төленетін зейнетақы мен осыған ұқсас басқа да сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

20-бап

Мемлекеттік қызмет

1. 1) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті билік органы жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асыратын қызметі үшін төлейтін қызметақыға, жалақыға және осыған ұқсас басқа да сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2) Алайда осындай қызметақыға, жалақыға және осыған ұқсас басқа да сыйақыға, егер қызмет екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылса және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

- екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылса; немесе
- осындай қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болмаса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1) Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті билік органы құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі, орталық немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асыратын қызметіне төленетін зейнетақыға және осыған ұқсас басқа да сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Алайда, осындай зейнетақыларға және осыған ұқсас басқа да сыйақыға, егер жеке тұлға екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті және ұлттық тұлғасы болып табылса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Конвенцияның 16, 17, 18 және 19-баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті билік органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметпен байланысты қызметке қатысты қызметақыға, жалақыға, зейнетақыларға және осыған ұқсас басқа да сыйақыға қолданылады.

21-бап

Студенттер немесе тағылымдамадан өтушілер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке нақты келгенге дейін екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекетте білім алу, тағылымдамадан өту мақсатында ғана болатын студент немесе тағылымдамадан өтуші өзін-өзі қамтамасыз ету, білім алу, тағылымдамадан өту мақсатында алатын төлемдерге осындай төлемдер осы Уағдаласушы Мемлекет шегінен тыс жерлердегі көздерден жүргізілетін жағдайда осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген гранттарға, стипендияларға және осыған ұқсас басқа да сыйақылар мен жалдамалы жұмыстан алған сыйақыларға қатысты осы баптың 1-тармағында айтылған студент немесе тағылымдамадан өтуші осындай білім алу, тағылымдамадан өту кезінде өзі болатын Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне берілетін салықтарға қатысты дәл сондай жеңілдіктерге, төмендетулерге немесе шегерімдерге құқығы бар.

22-бап

Оқытушылар, профессорлар мен зерттеушілер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке оқыту немесе осы Уағдаласушы Мемлекеттің университетінде, колледжінде, мектебінде немесе соған ұқсас басқа ғылыми-зерттеу институтында ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында келетін және тікелей келер алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылған немесе табылатын жеке тұлға, осындай мақсат үшін алғашқы келген күнінен бастап екі жыл бойы бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекетте осындай оқыту немесе ғылыми зерттеу жүргізгені үшін сыйақыға қатысты, егер мұндай сыйақы осы Уағдаласушы Мемлекеттің шегінен тыс көздерден пайда болса, салық салудан босатылады.

2. Егер мұндай ғылыми зерттеу қоғамдық мақсаттарда емес, негізінен белгілі бір тұлғаның немесе тұлғалардың жеке мүдделері үшін жүргізілетін болса, ғылыми зерттеу жүргізуден алынатын сыйақыға осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды.

23-бап

Басқа да табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның алдыңғы баптарында көзделмеген табысының түрлеріне, олардың пайда болу көзіне қарамастан, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы Конвенцияның 6-бабының 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табыстарға, егер мұндай табысы алушы бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола тұра, кәсіпкерлік қызметті екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе сонда орналасқан тұрақты база арқылы осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте

тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және осыларға байланысты табыс төлеу жүргізілген құқығы немесе мүлкі шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай осы Конвенцияның 7-бабының немесе 15-бабының ережелері қолданылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның алдыңғы баптарында көзделмеген және екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған табысының түрлеріне осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуы мүмкін.

24-бап

Капитал

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентіне тиесілі және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, осы Конвенцияның 6-бабында айқындалған жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе екінші Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекет резидентінің иелігіндегі тұрақты базаға жататын жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалдауда пайдаланылатын теңіз, әуе кемелері және осындай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

25-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға иелік етсе, алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекет мынаған:

1) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте төленген табыс салығына тең соманы осындай резиденттің табысына салынатын салықтан шегеруге,

2) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте төленген капиталға салынатын салыққа тең соманы осындай резиденттің капиталына салынатын салықтан шегеруге рұқсат береді.

Мұндай шегерім кез келген жағдайда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте табысқа немесе капиталға салық салынуы мүмкін болатын мән-жайларға қарай, шегерім берілгенге дейін есептелген табысқа немесе капиталға салынатын салық сомасынан аспауға тиіс.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған табыс немесе капитал осы Конвенцияның кез келген ережелеріне сәйкес осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылса, осындай Уағдаласушы Мемлекет дегенмен де мұндай резиденттің табысы немесе капиталының қалған бөлігіне салынатын салық сомасын есептеу кезінде салық салудан босатылған табысы мен капиталының сомасын есепке алуы мүмкін.

26-бап

Кемсітпеу

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласушы Мемлекетте осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары дәл сондай мән-жайларда, атап айтқанда, резиденттікке қатысты ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін кез келген салық салуға немесе оған байланысты өзге немесе салық салуға немесе онымен байланысты міндеттемеге қарағанда ауыртпалығы неғұрлым басым кез келген міндеттемеге ұшырамайды. Осы ереже осы Конвенцияның 1-баптың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу дәл сондай қызметті жүзеге асыратын осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындарына салынатын салыққа қарағанда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте неғұрлым қолайсыз болмауға тиіс. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне салық салу мақсаттары үшін өзінің резиденттеріне олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасылық жағдайы негізінде беретін кез келген жеке салықтық жеңілдіктер, төмендетулер мен шегерімдер беруге міндеттейтіндей етіп түсіндірілуі мүмкін емес.

3. Осы Конвенцияның 9-бабы 1-тармағының, 11-бабы 7-тармағының немесе 12-бабы 6-тармағының, 13-бабы 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне техникалық қызметтер үшін төленетін пайыздар, роялти, сыйақылар және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында олар бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, дәл сондай жағдайларда шегерілуге тиіс. Осы сияқты бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез келген берешегі осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсатында бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекет резидентінің берешегі қалай шегерілсе, дәл

сондай жағдайларда шегерілуге тиіс.

4. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында тұрған бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін кез келген салық салуға немесе оған байланысты өзге немесе салық салуға немесе онымен байланысты міндеттемеге қарағанда ауыртпалығы неғұрлым басым кез келген міндеттемеге алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайды.

5. Осы баптың ережелері осы Конвенцияның 2-бабында көрсетілген салықтарға қолданылады.

27-бап

Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзіне қатысты осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғуда немесе әкеп соғады деп есептесе, ол осы Уағдаласушы Мемлекеттердің заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына немесе егер оның ісіне осы Конвенцияның 26-бабы 1-тармағының күші қолданылатын болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына өз ісін бере алады. Өтініш осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғатын іс-әрекеттер туралы алғашқы хабарлама берілген кезден бастап үш жыл ішінде ұсынылуға тиіс.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы, егер ол мұндай өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісу Уағдаласушы Мемлекеттердің заңнамасында көзделген уақыттағы кез келген шектеулерге қарамастан орындалады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәнді өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Сондай-ақ, олар осы Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен консультация жүргізеді.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары бір-бірімен, оның ішінде осы баптың алдыңғы тармақтарына сәйкес келісімге қол жеткізу мақсатында, олардың өздерінен және олардың өкілдерінен тұратын бірлескен комиссиялар арқылы тікелей байланысқа түсе алады.

28-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін орындау немесе әкімшілендіру немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан өндіріп алу сипаттамасына қатысты заңнаманы қолдану үшін осы Конвенцияға қайшы келмейтін дәрежеде салық салу алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты, атап айтқанда алаяқтықты және осындай салықтардан жалтаруды болдырмау үшін қажетті ақпаратпен алмасады. Ақпарат алмасу осы Конвенцияның 1 және 2-баптарымен шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы баптың 1-тармағына сәйкес алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып есептеледі және осы баптың 1-тармағында айтылған салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен және жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана жария етіледі. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде жария етуі мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармағының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

1) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

2) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпаратты ұсыну;

3) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (ordre public) қайшы келуі мүмкін ақпаратты ұсыну міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

4. Егер ақпаратты осы бапқа сәйкес бір Уағдаласушы Мемлекет сұратса, екінші Уағдаласушы Мемлекет осындай ақпарат тіпті осы екінші Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін қажет болмаса да, сұрау салынған ақпаратты жинау жөніндегі шараларды қолданады. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармағының шектеулеріне түседі, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мүдделіліктің болмауы себебінен ғана ақпарат ұсынадан бас тартуға рұқсат беретіндей мағынада түсіндіруге болмайды.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ақпарат иесі банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл болып табылатындығы себебінен немесе ақпараттың меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болуы

себебінен Уағдаласушы Мемлекетке ақпарат ұсынудан бас тартуға рұқсат беретіндей мағынада түсіндіруге болмайды.

29-бап

Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері

Осы Конвенцияда ешнәрсе де дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормаларында немесе арнайы халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

30-бап

Күшіне енуі

1. Осы Конвенция оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Уағдаласушы Мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Конвенция, ол күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан немесе бірінші қаңтарынан кейін басталатын салық салу кезеңінде алынған табысқа салынатын салықтарға, немесе иелігіндегі капиталға салынатын салықтарға қатысты қолданылады.

31-бап

Қолданысын тоқтату

1. Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның қолданысын тоқтатқанға дейін күшінде қалады. Кез келген Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенция күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына дейін алты айдан кешіктірмей, оның қолданысын тоқтату туралы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы жібере отырып, осы Конвенцияның қолданысын тоқтата алады.

2. Осы Конвенция, оның қолданысын тоқтату туралы жазбаша хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан немесе бірінші қаңтарынан кейін басталатын салық кезеңінде алынған табысқа салынатын салықтарға немесе иелігіндегі капиталға салынатын салықтарға қатысты қолданысын тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде уәкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

2015 жылғы 28 тамызда Астана қаласында қазақ, орыс, серб және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндер арасында

алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Сербия Республикасының

Үкіметі үшін

Хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға (бұдан әрі Конвенция ретінде аталатын) қол қою кезінде төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай ережелер туралы келісті:

I. Осы Конвенцияның ережелері Уағдаласушы Мемлекетке салықтан жалтаруға немесе шын мәнінде сол сияқты сипатталған жалтаруға қарсы өзінің ішкі заңнамасының ережелері мен шараларын қолдануға ешқандай жағдайда тыйым салмайды деп түсініледі.

II. Осы Конвенцияның 14-бабының 4-тармағына қатысты:

Өз құнының 50 пайызынан астамын тікелей немесе жанама түрде екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын, акциялары жоқ басқа ұйымдардағы (әріптестік, траст немесе басқа) компанияның акцияларын немесе оның қатысу үлесін анықтау осындай жылжымайтын мүліктің құнын және компанияның немесе акциялары жоқ басқа ұйымдардың (әріптестік, траст немесе басқа) міндеттемелерін немесе берешектерін есепке алмастан, компанияның немесе акциялары жоқ басқа ұйымдардың әріптестік, траст немесе басқа (тиісті жылжымайтын мүлікке ипотекамен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген) бүкіл мүлкінің құнын салыстыру жолымен жүргізіледі.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде уәкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

2015 жылғы 28 тамызда Астана қаласында қазақ, орыс, серб және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндер арасында алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Сербия Республикасының

Үкіметі үшін